



БАЛАЛАР ГЕМОТОЛГИЯСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ДӘРІЛІК ФОРМУЛЯР

АНТИКОАГУЛЯНТАР

- К ДӘРУМЕНІНІҢ АНТАГОНИСТТЕРІ
 - ГЕПАРИН ЖӘНЕ ОНЫҢ ТУЫНДЫЛАРЫ
- ТРОМБОЦИТТЕРДІ АГРЕГАЦИЯЛАУ ТЕЖЕГІШТЕРІ
 - ФЕРМЕНТТІК ПРЕПАРАТТАР

Қ ДӘРУМЕНІНІҢ АНТАГОНИСТЕРІ

ВАРФАРИН

- **ФАРМКОДИНАМИКА:** ҚАН ҰЮДЫҢ Қ ДӘРУМЕНІНЕ ТӘУЕЛДІ ФАКТОРЛАРЫНЫҢ (II, VII, IX, X) БАУЫРДА ТҮЗІЛУІН ТЕЖЕЙДІ.
- **ФАРМАКОКИНЕТИКА:** БАУЫРДА МЕТАБОЛИЗМГЕ ҰШЫРАЙДЫ, АСҚАЗАН-ШЕК ЖОЛЫНДА ЖАҚСЫ СІңІРЕДІ. ПЛАЗМА АҚУЫЗДАРЫМЕН 97-99% БАЙЛАНЫСАДЫ.
- **ҚОЛДАНУ КӨРСЕТКІШТЕРІ:** Қан тамырларының тромбоздары мен эмболияларын, оның ішінде веналардың жіті тромбоздары мен өкпе артерияларының эмболиясын емдеу және алдын алу, операциядан кейінгі тромбоздарды, қайталанған миокард инфарктінің профилактикалау және емдеу, жүрек тамырлары мен қақпақшаларын протездеу кезінде, жүрекшенің фибрилляциясы орын алған пациенттерде тромбоэмболиялық асқынуларды профилактикалау, қайталанған тромбоз, перифериялық, коронарлық және ми артерияларының тромбозы, өтпелі ишемиялық шабуылдар және инсульттар, миокард инфарктінен кейін және жүрекшенің жыпылықтауы кезінде тромбозды және тромбоэмболияны салдарлық профилактикалау үшін қолданылады.

ҚАРСЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ:Препараттың компоненттеріне жоғары сезімталдық, кез келген жерде орналасқан жіті қан кету, қан кету қаупі жоғары болған жағдайда (геморрагиялық диатездермен, өңеш веналарының варикозды кеңеюімен, артериялық аневризмалармен ауыратын, жұлын –ми пункциясынан кейінгі, ойықжара ауруларымен ауыратын, ауыр жарақаттар алған (операция кезінде алынған жарақаттарды қоса алғанда) пациенттерді қоса алғанда), бактериялық эндокардит, қатерлі артериялық гипертензия, геморрагиялық инсульт, сирек кездесетін тұқым қуалайтын бұзылулар – галактозаға төзімсіздік, лактоза жеткіліксіздігі немесе глюкоза-галактозалық мальабсорбция.

ЖАҒЫМСЫЗ ӘСЕРЛЕРІ: Жиі: мұрыннан қан кетулер, гемоптизис (қан түкіру), гематурия (несепте қанның болуы), қызылиектерден қан кету, теріде қанталаулар, қынаптық қан кетулер, субконъюнктивальді қан кету, тікішектен және АІЖ-нің басқа бөлімдерінен қан кету, миға қан құйылу, жарақаттан немесе операциядан кейін ұзаққа созылатын немесе мол қан кету.

Сирек: құсу, жүректің айнуы, диарея, васкулит, некроз, алопеция, шаштың түсуі, бөртпе, есекжем, терінің қышуы, эозинофилия, күлгін саусақ синдромы, бауыр ферменттерінің жоғарылауы, сарғаю, несеп-тас ауруы, нефрит, тубулярлы некроз.

**ДОЗАСЫ: 1 АЙДАН 18 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА 200
МКГМ/КГ (МАХ 10 МГ) БІРІНШІ КҮНІ, ҮШІНШІ КҮНІ 100
МКГ/КГ.
КҮН САЙЫН БІР УАҚЫТТА ҚОЛДАНЫЛАДЫ.**

ГЕПАРИН ЖӘНЕ ОНЫҢ ТУЫНДЫЛАРЫ

- ГЕПАРИН
- ЭНОКСАПАРИН НАРТРИЯ

ГЕПАРИН

• **ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ: ҚАНДАҒЫ ҰЮ ФАКТОРЛАРЫНА (XII, XI, X, IX, VII ЖӘНЕ II) ТІКЕЛЕЙ ӘСЕР ЕТЕДІ.**

ТРОМБИНДЕРДІҢ БИОСИНТЕЗІН ТЕЖЕЙДІ, ТРОМБОЦИТТЕР АГРЕГАЦИЯСЫН ТӨМЕНДЕТЕДІ.

ҚОЛДАНУ КӨРСЕТКІШТЕРІ: Тромбоздар, тромбоземболия және оның асқынулары, қанның ұюын болдырмау, коронарлық тамырлардың тромбоздары, тамыр ішіндегі таралған қан ұю, сыртартқысында тромбоземболиямен ауырғаны көрсетілген операциядан кейінгі кезеңде, экстракорпоральдық қанайналым әдістерін пайдалана отырып, операциялар жасау кезіндегі қан ұюын профилактикалау үшін, гемодиализ жасалған кезде.

Өкпе эмболиясын, тұрақсыз стенокардияны, миокард инфартін және жіті перифериялық артериялық окклюзияны емдеу үшін.

ҚАРСЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ: Гепаринге жоғары сезімталдық, ағымдағы гепаринмен индукцияланған тромбоцитопения, жайылып кеткен немесе жергілікті қан кету, ойықжараның пайда болу қаупі жоғары болған жағдайда, Крон ауруымен, сепсистік эндокардитпен ауырған жағдайда, бассүйек ішіне қан құйылу немесе жарақат алу және бас, мойын, көз, құлақ аумағына операциялар жасау кезінде және әйелдерде түсік тастау қаупі пайда болған жағдайда, босануы кезінде, еркекбезге, бауырға және өт жолдарына жасалған хирургиялық араласулардан кейін, жұлынға жасалған пункциядан кейінгі жай-күй, артериялық гипертензия, пролиферациялық диабеттік ретинопатия, туберкулездің белсенді түрімен жіті және созылмалы лейкозбен, апластикалық және гипопластикалық анемиямен ауыру кезінде, 3 жасқа дейінгі балаларға қолдану, уақытына жетпей туылған немесе жаңа туған балаларға берілмейді.

Гемофилия және басқа геморрагиялық аурулар.

•ЖАҒЫМСЫЗ ІСЕРЛЕРІ: Жиі: қан кету, I типті тромбоцитопения, трансаминазалар, гамма-ГТ, ЛДГ және липаза деңгейінің жоғарылауы, теріастына енгізілген жағдайда теріні тітіркендіруі мүмкін;

Жиі емес: бөртпе, есекжем, қышыма, терапияның ұзаққа созылуына байланысты пайда болған остеопороз;

Сирек: II типті тромбоцитопения, кейбір жағдайларда вена немесе артерия тромбоздарымен қатар жүреді, плазмада калийдің мөлшерін арттыратын гипоальдостеронизм, тері некрозы, эритема.

**•ДОЗАСЫ: 1 АЙ-1 ЖАС 75БІРЛ/КГ ИНЪЕКЦИЯ, ИНФУЗИОНДЫ
25БІРЛ/КГ/САҒ**

•1-18 ЖАС 75 БІРЛ/КГ ИЪЕКЦИЯ, 20 БІРЛ/КГ/САҒ ИНФУЗИОНДЫ

ТРОМБОЦИТТЕРДІ АГРЕГАЦИЯЛАУ ТЕЖЕГІШТЕРІ

- АЦЕТИЛСАЛИЦИЛ ҚЫШҚЫЛЫ
- ДИПИРИДАМОЛ

•АЦЕТИЛСАЛИЦИЛ ҚЫШҚЫЛЫ

•ФАРМОКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ: ЦОГ1 МЕН ЦОГ2-НІ ИНГИБИРЛЕЙДІ, АРАХИДОН ҚЫШҚЫЛЫНЫҢ ЦИКЛООКСИГЕНАЗАЛЫҚ МЕТАБОЛИЗМ ЖОЛЫН ТОЛЫҚ ТЕЖЕЙДІ ЖӘНЕ ПГ МЕН ТРОМБОКСАН ТҮЗІЛУІН ТЕЖЕЙДІ. ТРОМБОКСАН А2-НІҢ ДЕҢГЕЙІНІҢ АЗАЮЫ АГРЕГАЦИЯНЫ ТӨМЕНДЕТЕДІ.

•ҚОЛДАНУ КӨРСЕТКІШТЕРІ: Жіті коронарлық синдроммен ауыратын ересек пациенттердегі (тұрақсыз стенокардия, ST сегментінің көтерілуінсіз миокард инфаркті немесе ST сегменті көтерілген миокард инфаркті, ацетилсалицил қышқылымен бірге дәрілік терапия өткізілген және теріге коронарлық ангиопластика (ТКА) жасалған немесе аортакоронарлық шунт (АКШ) қойылған пациенттерді қоса алғанда) атеротромболиялық асқынуларды профилактикалау.

ҚАРСЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ: Құрамындағы негізгі дәрілік затқа немесе кез келген қосалқы заттарға жоғары сезімталдық, патологиялық қан кету, бассүйек ішіне қан құйылу, бір уақытта қолдану тирагрелордың әсерін анағұрлым арттыратын тирагрелорды күшті СҮРЗА4 ингибиторымен (мысалы, кетоконазол, кларитромицин, нефазодон, ритонавир және атазанавир) бірге қабылдау.

ЖАҒЫМСЫЗ ІСЕРЛЕРІ: Жиі: диспноэ, мұрыннан қан кету, асқазан-ішек жолдарынан қан кету, теріден қан кету, гематома, емшара жасалған жерден қан кету, бас айналу, бастың ауыруы.

Сирек: гиперурикемия, есеңгіреу, парестезии, құлақтан қан кету, ішперде артындағы қан кету, іш қату, гемартроз, қандағы креатинин деңгейінің артуы.

•ДОЗАСЫ: НӘРЕСЕТЛЕРДЕ 2 АПТАСЫНДА 8МГ/КГ, 6-8 АПТАСЫНДА 8 МГ/КГ

•1-12 ЖАС 7,5-12,5 МГ/КГ КҮНІНЕ 4 УАҚЫТ

ФЕРМЕНТТІК ПРЕПАРАТТАР

- СТРЕПТОКИНАЗА
 - АЛТЕПЛАЗА
 - УРОКИНАЗА

СТРЕПТОКИНАЗА

ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ: ФИБРИНОЛИЗДІ БЕЛСЕНДІРЕДІ. ПЛАЗМОГЕНМЕН ӘСЕРЛЕСУ АРҚЫЛЫ «АКТИВАТОРЛЫ КОМПЛЕКС» ТҮЗЕДІ, ОЛ ҚАНДАҒЫ ПЛАЗМИНОГЕН МЕН ҚАН ҰЙЫНДЫЛАРЫН ПЛАЗМИНГЕ АЙНАЛУЫН КАТАЛИЗДЕЙДІ.

•ҚОЛДАНУ КӨРСЕТКІШТЕРІ: Жіті миокард инфарті (бастапқы 12 сағат ішінде); өкпе артериясы мен оның тармақтарының тромбоэмболиясы; аяқ-қол артерияларының тромбозы мен тромбоэмболиясы (6 аптадан аспаған); торқабықтың орталық тамырларының (артериялардың) 6-8 сағаттан аз уақыт ішіндегі, веналардың – 10 күннен аз уақыт ішіндегі окклюзиясы, гангрена қаупін төндіретін аяқ-қолдағы терең веналардың тромбозы, гемодиализдік шунттардағы тромбтардың ыдырауы.

ҚАРСЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ Препараттың кез келген компоненттерінің біріне жоғары сезімталдық, мидағы ісіктер немесе орталық жүйке жүйесіндегі метастазалар, бассүйек-ми жарақаты, ми қанайналымының бұзылуы, бақылауға келмейтін артериялық гипертензия (АҚ 200/110 мм с.б. жоғары), бактериялық эндокардит, перикардит, қолқа аневризмасы, АІЖ эрозиялы – ойықжаралы зақымдануы, жіті панкреатит, диабеттік ретинопатия, операциядан кейінгі кезең, ішкі мүшелердің 3 аптаға дейінгі биопсиясы, 4 аптаға дейінгі транслюмбальді артериография, жуырда алған көптеген жарақаттар, қатты қан кету, тромб пен оның жанындағы тіндердің инфекцияны жұқтыруы, қанның кету қаупін тудыратын ісіктер, гемморагиялық диатез; туберкулез (белсенді түрі).

- ЖАҒЫМСЫЗ ӘСЕРЛЕРІ:** Анафилактикалық шок, аллергиялық реакциялар, ақуызға спецификалық емес реакциялар: бас ауыруы, жүрек айнуы, қалтырау; венаға тез енгізілген жағдайда енгізілген жерлерден қан кету - гипотензияның дамуы, жүрек ырғағының бұзылуы; эмболии; миалгия, артриттер, омыртқадағы ауырсыну сезімі; нефриттер; полинейропатия; ангионевритикалық ісіну.
- ДОЗАСЫ: 1 АЙ -12 ЖАС 2500-4000 БІРЛ/КГ ИНФУЗИЯ АРҚЫЛЫ, 500-1000 БІРЛ/КГ/САҒ**
- 12-18 ЖАС 250 000 БІРЛ ТАМШЫЛАТЫП, 100 000 БІРЛ/САҒ**

ГЕМОСТАТИКАЛЫҚ ПРЕПАРАТТАР

- **ФИБРИНОЛИЗ
ТЕЖЕГІШТЕРІ**
- **К ДӘРУМЕНІ ЖӘНЕ
БАСҚА
ГЕМОСТАТИКТЕР**

•ФИБРИНОЛИЗ ТЕЖЕГІШТЕРІ АМИНОҚЫШҚЫЛДАР ТАРНЕКСАМ ҚЫШҚЫЛЫ

•ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ: ПЛАЗМИНОГЕН БЕЛСЕНДІРГІШІН КОНКУРЕНТТІ ИНГИБИРЛЕЙДІ. ТРОМБИН УАҚЫТЫН ҰЗАРТАДЫ. КИНИНДЕР МЕН БАСҚА ПЕПТИДТЕРДІҢ ТҮЗІЛУІН ТЕЖЕЙДІ.

•ҚОЛАНУ КӨРСЕТКІШІ: Жалпы және жергілікті фибрилиз (фибринолитикалық жүйенің басым күшейтілуімен тамырішілік коагуляциямен байланысты қан кетулер, фибринолитикалық терапияның геморрагиялық асқынулары, гемофилиямен ауыратын науқастардың тісін жұлу және хирургиялық емшаралар, жатыр мойнының биопсиясы, простатэктомия кезінде) көп қан кетулер кезінде қолданылады.

ЖАҒЫМСЫЗ ӘСЕРЛЕРІ: Жиі: мұрыннан қан кетулер, гемоптизис (қан түкіру), гематурия (несепте қанның болуы), қызылиектерден қан кету, теріде қанталаулар, қынаптық қан кетулер, субконъюнктивальді қан кету, тікішектен және АІЖ-нің басқа бөлімдерінен қан кету, миға қан құйылу, жарақаттан немесе операциядан кейін ұзаққа созылатын немесе мол қан кету.

Сирек: құсу, жүректің айнуы, диарея, васкулит, некроз, алопеция, шаштың түсуі, бөртпе, есекжем, терінің қышуы, эозинофилия, күлгін саусақ синдромы, бауыр ферменттерінің жоғарылауы, сарғаю, несептас ауруы, нефрит, тубулярлы некроз. **ЖАҒЫМСЫЗ ӘСЕРЛЕРІ:**

Жиі: мұрыннан қан кетулер, гемоптизис (қан түкіру), гематурия (несепте қанның болуы), қызылиектерден қан кету, теріде қанталаулар, қынаптық қан кетулер, субконъюнктивальді қан кету, тікішектен және АІЖ-нің басқа бөлімдерінен қан кету, миға қан құйылу, жарақаттан немесе операциядан кейін ұзаққа созылатын немесе мол қан кету.

Сирек: құсу, жүректің айнуы, диарея, васкулит, некроз, алопеция, шаштың түсуі, бөртпе, есекжем, терінің қышуы, эозинофилия, күлгін саусақ синдромы, бауыр ферменттерінің жоғарылауы, сарғаю, несептас ауруы, нефрит, тубулярлы некроз.

К ДӘРУМЕНІ

ФИТОМЕНАДИОН

•ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ: ГЕМОМРАГИЯҒА ҚАРСЫ ПЕРПАРАТ. ПРОТРОМБИН КОМПЛЕКСІНІҢ БИОСИНТЕЗІНЕ ҚАТЫСАДЫ: ПРОТРОМБМИН – II ФАКТОР, ПРОКОНВЕРТИН - III ФАКТОР, КРИСТМАСС ФАКТОР – IX ФАКТОР, СТЮАРТ-ПРАУЕР ФАКТОРЫ – X ФАКТОР, ОСЫЛАЙША ҚАН ҰЮБЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ.

•**ҚОЛДАНУ КӨРСЕТКІШТЕРІ:** К дәруменінің тапшылығы, іркілген сарыауру және дәрумендердің ішекте сіңуі азайған бауырдың ауыр аурулары, мальабсорбция синдромы, муковисцидоз, Крон ауруы, телімсіз ойық жаралы колит.

•**ҚАРСЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ:** Фитоменадионге жоғары семіздалдық; қанның жоғары ұюы, тромбоздарға және тромбозмболияға бейімділік, нәрестелердегі гемолитикалық ауру, дегидрогеназаның және глутатионредуктазаның глюкозо-6-фосфат тапшылығы; холестаждық сарғаю.

•**ЖАҒЫМСЫЗ ӘСРЕЛЕРІ:** Гиперкоагуляция, артериялық қан қысымының қысқа уақытқа төмендеуі, тахикардия; ыстықтау сезімі және қызару, тері бөртпесі, қышыну, анафилактикалық шок; енгізген жердің ауыруы мен ісінуі; парентеральді қайталап енгізгенде – инфильтрат, қышыну, склеродермияға тән тері өзгерістері; гипербилирубинемия (балаларда), дәм сезудің өзгеруі, ағыл-тегіл терлеу, диспноэ, цианоз.

•**ДОЗАСЫ:** Нәрестелерге: геморрагиялық ауруларды профилактикалау үшін – б/і, 0 туғаннан кейінгі бірінші сағат ішінде бір рет 0.5 - 1 мг, емдеу үшін күніне 1 мг бұлшықетке 3 – 4 күн бойы (анасына тікелей емес антикоагулянттар қолданылған жағдайда ұлғайтылған дозаларда).

Іркілмелік сарғаю, гепатоцеллюлярлы ауру, мальабсорбция синдромы кезінде, тәулігіне бұлшықетке 10 мг/1 мл салу.

•*1 ай-18 жас 15-30 мкг/кг инъекция*

ҚАННЫҢ ҰЮ ФАКТОРЛАРЫ

- ҮШ ФАКТОР
- ЭПТАКОГ АЛЬФА

ҮШ ФАКТОР

• **ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ:** ВИЛЛЕБРАНЖ ФАКТОРЫМЕН БАЙЛАНЫСҚА ТҮСЕДІ. IX ФАКТОРЫНЫҢ КОФАКТОРЫ, ОНЫҢ X ФАКТОРҒА ӨТУІН БЕЛСЕНДІРЕДІ.

• **ҚОЛДАНУ КӨРСЕТКІШТЕРІ:** А гемофилиясын емдеу және қан кетулерді профилактикалау.

• **ҚАРСЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ:** репараттың кез келген компоненттерінің біріне жоғары сезімталдық.

• **ЖАҒЫМСЫЗ ӘСЕРЛЕРІ:** VIII факторын бұрын емделмеген немесе аз уақыт емделген пациенттерде тежеу бұрын емделген науқастарда сирек, дисгевзия.

Препаратты салу орнында жергілікті реакциялар, фебрильді реакциялар.

Аллергиялық реакциялар: терідегі өзгерістер.

Сирек: жоғары сезімталдықтың жүйелік реакциялары, анафилаксия.

• **Дозасы:** гематологтын тағайынлауымен индивидуальді.

**АНЕМИЯҒА
ҚАРСЫ
ПРЕПАРАТТАР**

- **ТЕМІР ПРЕПАРАТТАРЫ**
- **В12 ДӘРУМЕНІ ЖӘНЕ ФОЛИЙ
ҚЫШҚЫЛЫ**
- **АНЕМИЯҒА ҚАРСЫ БАСҚА
ПРЕПАРАТТАР**

ТЕМІР ПРЕПАРАТТАРЫ

- ТЕМІР ДЕКСТРАНЫ
- ТЕМІР КАРБОКСИМАЛЬТОЗА
- ТЕМІР САХАРАТ

ТЕМІР

ДЕКСТРАНЫ

- **ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ:** ТЕМІРДІ АҒЗАНЫҢ СІңІРУІ МЕН ЖЕТКІЛІКСІЗДІГІН ТОЛТЫРАДЫ ЖӘНЕ ГЕМОГЛОБИН СИНТЕЗІН ЖАҚСАРТАДЫ.
- **ҚОЛАНУ КӨРСЕТКІШТЕРІ:** Парентеральді қолдануға арналған темір (III) препараты. Темірдің пероральді препараттары тиімсіз немесе оларды пайдалану мүмкін болмаған жағдайда темір тапшылығы анемиясын емдеуге арналған.
- **ҚАРСЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ:** Препараттың компонентіне жоғары сезімталдық; темір тапшылығына байланысты емес анемия; темірдің аса көп мөлшері немесе темірдің сіңірілу функциясының бұзылуы; гемофилия, қарқынды қабыну белгілерімен ревматоидті артрит; 14 жасқа дейінгі балалардың қабылдауы.

•**ЖАҒЫМСЫЗ ӘСЕРЛЕРІ:** *Аллергиялық реакциялар:* есекжем, тері бөртпелері, қышыну, кейде анафилаксия, дірілдеу, Квинке ісігі.

АІЖ бұзылуы: жүрек айнуы, құсу, іштің ауруы, кейде диарея.

ОЖЖ бұзылуы: көздің бұлдырауы, жансыздану, сіңірдің тартылуы, ысыну, кейде бас айналуы, мазасыздық, тремор, есінен тану, шаршау, апатия, астения.

ЖҚТЖ бұзылуы: аритмия, тахикардия, кеуденің жаншуы және ауыр салмақ сезімі, өте сирек жағдайда - нәрестеде брадикардия, жүрек соғысы, гипотензия, гипертензия.

Басқа: бронхоспазм, диспноэ, тершендік, миалгия, артралгия, психикалық жағдайдың өзгеруі сирек.

Тұрақты реакциялар: инъекция орнының ауруы және терінің басқа түске өзгеруі, стерильді абсцесс, тін некрозы немесе атрофия.

Дозасы: Бөксе бұлшықетіне терең немесе венаға баяу енгізу қажет!

Темір препаратының дозасы пациенттің салмағына және гемоглобин деңгейіне байланысты және жекеше есептелінеді.

В12 ДӘРУМЕНІ ЖӘНЕ ФОЛИЙ ҚЫШҚЫЛЫ

ФОЛИЙ ҚЫШҚЫЛЫ

- ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ:** АМИНҚЫШҚЫЛДАРЫНЫҢ, НУКЛЕИН ҚЫШҚЫЛДАРЫНЫҢ, ПУРИН ПИРИМИДИНДЕР СИНТЕЗІНЕ ҚАТЫСАДЫ, ХОЛИН МЕН ГИСТИДИН АЛМАСУЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ.
- ҚОЛАНУ КӨРСЕТКІШТЕРІ:** Фолий тапшылығы анемиясын, фолий қышқылының гиповитаминозын және авитаминозын емдеу үшін қолданылады.
- ҚАРСЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ:** Препарат компоненттеріне жоғары сезімталдық, В12 – тапшылығы анемиясы, сахароза/изомальтазаның тапшылығы, ағзаның фруктозаны қабылдамауы, глюкоза-галактозалы мальабсорбция, балалардың және 18 жасқа дейінгі жасөспірімдердің қабылдауы.

•ЖАҒЫМСЫЗ ӘСРЕЛЕРІ: Бөртпе, тері қышымасы, эритема, гипертермия, диспепсиялық жағдайлар, іштің ауруы, ұйқысыздық, дірілге даяр болу сезімінің артуы.

•ДОЗАСЫ: Мегаобластылық анемия кезінде ересектер мен 1 жастан үлкен балаларға тәулігіне 5 мг 4 ай бойы; мальабсорбция жағдайлары кезінде тәулігіне 15 мг-ға дейін; 1 жасқа дейінгі балаларға тәулігіне 0,5 мг/кг 4 айға дейінгі уақытта (ең көбі- 5 кг);

ГЕМОПЭТИННИН БАСҚА ДА ПРЕПАРАТТАРЫ •ДАРБЭПОЭТИН АЛЬФА

•ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ: ЭРИТРОЦИТЕР ТҮЗІЛУІН
СТИМУЛДАЙДЫ.

•ҚОЛДАНУ КӨРСЕТКІШТЕРІ: Бүйрек функциясының созылмалы жеткіліксіздігімен ауыратын ересектерде және балаларда симптомдық анемияны емдеу, химия терапиясын алатын, үлкен миелоидтық емес ісік ауруларымен ауыратын ересек адамдардағы симптомдық анемияны емдеу.

•ҚАРСЫ КӨРТСЕТКІШТЕРІ: Препараттың компонентіне жоғары сезімталдық, бақылауға келмейтін артериялық гипертензия.

ЖАҒЫМСЫЗ ӘСЕРДЕРІ: Аллергиялық реакциялар: жоғары сезімталдық, қышыма, эритема;

ОЖЖ жазынан бұзылулар: инсульт, сіңірдің тартылуы;

ЖҚЖ жазынан бұзылулар: гипертензия, сирек - тромбоэмболиялар;

Жергілікті реакциялар: инъекция жасалған жердің ісінуі және ауыруы.

•ДОЗАСЫ: 11-18 ЖАС 450 НАНОГРАММ/КГ

ПЛАЗМА

АЛМАСТЫРАТЫН ЖӘНЕ

ПЕРФУЗИЯЛЫҚ

ЕРІТІНДІЛЕР

- ҚАН ПРЕПАРАТТАРЫ
- ИРРИГАЦИЯЛЫҚ ЕРІТІНДІЛЕР

ҚАН

ПРЕПАРАТТАРЫ

АЛЬБУМИН

- **ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ: КОЛЛОИДТЫ-ОСМОСТЫҚ ҚЫСЫМДЫ РЕТТЕЙДІ, АҚ МЕН ОЦК-НЫ ЖЫЛДАМ ЖОҒАРЫЛАТАДЫ.**
- **ҚОЛАНУ КӨРСЕТКІШТЕРІ: Шок (жарақат алу, операциялық, улану), күйіп қалу, ірінді-сепсистік жай-күй, бауырдың ауруы, бүйректің ауруы (нефрит, нефротикалық синдром), гипопропротеинемия, кез келген генездегі гипоальбуминемияда (плазмадағы альбумин құрамының 30 г/л төмендеуі немесе жалпы ақуыз құрамының 50 г/л төмендеуі), жасанды қанайналымды пайдаланумен операция жасау, емдік плазмаферез, алмастырушы қан құю кезіндегі жаңа туған нәрестелердің гемолиттік ауруы, операция алдыңғы гемодилюция және аутоқан компоненттерін дайындау.**

ҚАРСЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ: Препараттың компонентіне жеке жоғары сезімталдық, гиперволемиа, II -III дәрежелі жүрек функциясының жеткіліксіздігі, өкпенің ісінуі, анемияның ауыр түрі, ренальді және постренальді анурия, өңеш веналарының варикоздық кеңеюі, миға қан құйылу, іштегі қан кетулер, тромбоз.

Бүйрек функциясының жеткіліксіздігі, артериялық гипертензия кезінде сақтықпен қабылдау қажет.

ЖАҒЫМСЫЗ ІСЕРЛЕРІ: Сирек: анафилактикалық реакциялар, гипотония, қызба, дірілдеу, қалтырау;

Өте сирек: есекжем, ангионевротикалық ісіну, эритематоздық қышыма, анафилактикалық шок, сананың шатасқан жай-күйі, бас ауруы, тахикардия, брадикардия, гипертония, еңтігу, жүрек айнуы, құсу, қатты тершендік, тері гиперемиясы, бел ауруы.

•ДОЗАСЫ: Педиатриялық практикада Альбуминнің 10%-дық ерітіндісі дене салмағына 3 мл/кг доза мөлшерінде тағайындалады.

ИРРИГАЦИЯЛЫҚ ЕРІТІНДІ

НАТРИЙ ХЛОРИДІ

- **ФАМАКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ:** ҚАН ПЛАЗМАСЫНЫҢ ЖӘНЕ ЖАСУШАДАН ТЫС СҰЙЫҚТЫҚТЫҢ ОСМОСТЫҚ ҚЫСЫМЫН РЕТТЕЙДІ.
- **ҚОЛДАНИ КӨРСЕТКІШТЕРІ:** Ағзаның сусыздануы, улағыш диспепсия, тұрақты диарея, тоқтаусыз құсу, тырысқақ, уланулар және инфекциялық уланулар, диабеттік кетоацидоз, жараларды тазарту, көзді, мұрынның сілемейлі қабығын шаю үшін қолданылады. Сонымен бірге инъекциялық және инфузиялық ерітінділер алу үшін дәрілік препараттардың еріткіші ретінде де қолданылады.

- ҚАРСЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ:** Тромбофлебиттер, жүректің декомпенсацияланған кемістігі, бүйректің ағымы ауыр аурулары, ми және өкпе ісінуінің пайда болуына әкелуі мүмкін қанайналым бұзылулары, гипернатриемия, гипокалиемия, ацидоз, үлкен дозаларда кортикостероидтарды қолдану, өкпенің ісінуі, мидің ісінуі, сол жақ қарынша функциясының жіті жеткіліксіздігі.
- ЖАҒЫМСЫЗ ӘСЕРЛЕРІ:** Гипергидратация, гипокалиемия, хлоридті ацидоз, бас ауруы, бастың айналуы, мазасыздық, әлсіздік сезімі, жүрек айну, құсу, диарея, асқазанның түйілуі, шөлдеу, қызба, тахикардия, артериялық гипертензия, бүйрек функциясының бұзылулары, ісіну, енгізілген жердің ауыруы және тітіркенуі, тромбофлебит, бұлшықеттердің тітіркенуі және жоғарыда тонуста болуы.
- ДОЗАСЫ: 15-20 МЛ/КГ-НАН БАСТАЛАДЫ. ЖЕКЕ ЖАҒДАЙЫНА БАЙЛАНЫСТЫ.**